


**Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының
№ 4 хаттамасы**



2025-2026 оқу жылы

**Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының
№ 4 хаттамасы**

Күні: 20 мамыр 2026 жыл

Тақырыбы: «Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес мүшелерінің 2025-2026 оқу жылындағы қызметін талдау»

Мақсаты:

Кеңестің бір жыл ішіндегі жұмысының қорытындысын шығару, іске асырылған іс-шаралардың тиімділігін бағалау, қызметті одан әрі жетілдіру үшін бағыттарды айқындау.

Қатысқандар: меңгеруші, әдіскер, мектепке дейінгі ұйымның педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес мүшелері - 6 адам.

Қатыспағандар: педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің 1 мүшесі

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Отырыстың ашылуы. *(Кеңес төрағасының кіріспе сөзі.)* Баяндама: «Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің 2025-2026 оқу жылындағы қызметін талдау». Өткізілген отырыстар мен тақырыптық іс-шаралар. Өтініштермен жұмыс және педагогтерге әдеп мәселелері бойынша кеңес беру. Бекітілген жұмыс жоспарын іске асыру. Педагогикалық ұжым және әкімшілікпен өзара іс-қимыл.

2. Кеңес мүшелерінің сөз сөйлеуі:

- қызметті өздік талдау;

- қиындықтар, жетістіктер, жұмысты жақсарту бойынша ұсыныстар.

2. Талқылау және қорытындылау. Келесі оқу жылына ұсыныстар әзірлеу, басым бағыттарды айқындау.

ТЫҢДАЛДЫ:

1. Кеңес төрағасының кіріспе сөзі Кеңес төрағасы педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес мүшелерінің оқу жылындағы қызметі педагогтердің кәсіби этика нормаларын сақтауын мониторингтеуге, жанжалдарды алдын алуға және шешуге бағытталғандығын айтты. Бұл отырыста жұмыс жоспарының орындалуын, өткізілген отырыстарды, түскен өтініштерді қарау сапасын және әдеп бұзушылықтың алдын алу шараларын қамтылатыны айтылды.

Педагогикалық әдеп кеңесінің қызметі төмендегі бағыттар бойынша талданды:

- Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жұмыс жоспарының орындалып, хаттамалары жүргізілді және педагогикалық әдеп нормаларының сақталды;
- Педагогтерге этикалық нормалар түсіндіріліп, семинарлар, дөңгелек үстелдер мен тренингтер өткізілді.
- Педагогтер, ата-аналар, тәрбиеленушілер арасында жанжалдар мен әдепсіздік фактілері тіркелмеді.

2. Кеңес мүшелерінің сөз сөйлеуі:

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жұмысының барысындағы қиындықтар, жетістіктер, жұмысты жақсарту бойынша ұсыныстар айтылды.

- Педагогтар арасында «Педагог мәртебесі туралы» Заң мен Әдеп кодексін түсіндіру жұмыстары жүйелі жүргізілді. Нәтижесінде еңбек тәртібін бұзу көрсеткіші тіркелмеді.
- Кеңес отырыстарының хаттамалары мен шешімдері ұжымға дер кезінде таныстырылып, шешім қабылдау процесінің әділдігі қамтамасыз етілді.

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жұмысын жақсарту бойынша ұсыныстар:

- Педагогикалық имиджді қалыптастыру бойынша арнайы семинарлар ұйымдастыру.
- Тек құқық бұзушылық болғанда ғана емес, «Үздік этикалық үлгі» ретінде педагогтерді марапаттау арқылы позитивті ынталандыру.

3. Талқылау және қорытындылау

2025-2026 оқу жылындағы Кеңес мүшелерінің қызметі «қанағаттанарлық» деп танылды. Келесі оқу жылына арналған ұсыныстар:

- Жас мамандарға педагогикалық әдеп негіздерін үйрету бойынша тәлімгерлік жұмысты күшейту.
- Цифрлық ортадағы педагог әдебін сақтау мәселесіне баса назар аудару. Бұл талдау келесі оқу жылына арналған жоспарды құруға және педагогикалық әдептің кейбір мәселелерін реттеуге негіз болады.

ҚАУЛЫ ЕТІЛДІ:

1. Отырыстың ашылуы. *(Кеңес төрағасының кіріспе сөзі.)*

